**Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдары штат санының лимиттерін өзгерту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 30 қараша N 1815. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.09.11. N 993 қаулысымен. ~P020993

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік органдардың штат санының лимитін қысқарту есебінен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі штат санының лимиті 15 бірлікке арттырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2000 жылға арналған республикалық бюджетте осы қаулының 1-тармағына сәйкес қысқартылатын мемлекеттік органдардың штат санының лимитін ұстауға көзделген қаражатты Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне беруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай

өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 мамырдағы N 592

P990592_

қаулысына:

3-тармақтың екінші абзацындағы "237" деген сан "252" деген санмен ауыстырылсын;

2)

ЕСКЕРТУ. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.02.09. N 214 қаулысымен.

P010214_

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 30 қарашадағы
N 1815 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 21 қыркүйектегі
N 1433 қаулысымен
бекітілген

1999 жылдың 31 желтоқсанына дейін жұмыс істейтін
министрліктер, агенттіктер мен ведомстволар
қызметкерлерінің штат санының лимиттері

| N | Атауы | штат санының лимиті |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 4 ! | !Қазақстан Республикасының Әділет !министрлігі | 281 |
| | !оның ішінде: | |
| | 1) Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитет | 30 |
| | 2) Тіркеу қызметі комитеті | 30 |
| | 3) Авторлық құқықтар жөніндегі комитет | 20 |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 30 қарашадағы

N 1815 қаулысына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 21 қыркүйектегі
N 1433 қаулысымен
3-қосымша

2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап жұмыс істейтін
министрліктер, агенттіктер мен ведомстволар
қызметкерлерінің штат санының лимиттері

| N | Атауы | штат санының лимиті |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 4 | Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі | 287 |
| | оның ішінде: | |
| | 1) Сот қаулыларын атқару жөніндегі комитет | 30 |
| | 2) Тіркеу қызметі комитеті | 30 |
| | 3) Авторлық құқықтар жөніндегі комитет | 20 |

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК